

## "Арман" шағынауданындағы жаңа көшелерге атаулар тағайындау туралы

Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихаттың 2008 жылғы 31 наурыздағы N 6-26 шешімі және Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы әкімдігінің 2008 жылғы 21 ақпандағы N 428 қаулысы. Батыс Қазақстан облысы Орал қаласының Әділет басқармасында 2008 жылғы 8 сәуірде N 7-1-85 тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6 бабы 1 тармағының 4) тармақшасына, 31 бабына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 13 бабына сәйкес, "Арман" шағынауданында тұратын азаматтардың ұсыныстары мен қалалық ономастикалық комиссияның шешімін қарап, Орал қалалық мәслихаты мен Орал қалалық әкімдігі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. "Арман" шағынауданындағы жаңа көшелерге атаулар қосымшаға сәйкес тағайындалсын.

2. Осы шешім оның ресми жарияланған күнінен қолданысқа енеді.

*Орал қалалық мәслихатының кезекті 6-шы сессиясының төрағасы*

*Орал қаласының әкімі*

*Орал қалалық мәслихатының хатшысы*

Орал	қалалық	мәслихатының
2008 жылғы	31 наурыздағы	N 6-26
және Орал	қалалық	әкімдігінің
2008 жылғы	21 ақпандағы	N 428
"Арман" шағынауданындағы жаңа көшелерге	атаулар тағайындау туралы"	бірлескен
шешімі мен		қаулысына
қосымша		

Жаңа көшелер (қоса берілген сұлбаға сәйкес):

- 1) Ахмет Байтұрсынов атындағы көше;
- 2) Жүсіпбек Аймауытов атындағы көше;
- 3) Міржақып Дулатов атындағы көше;
- 4) Мағжан Жұмабаев атындағы көше;
- 5) Халел Досмұхамедов атындағы көше;
- 6) академик Қажым Жұмалиев атындағы көше;
- 7) Мұхаметжан Тынышбаев атындағы көше;
- 8) Мұстафа Шоқай атындағы көше;
- 9) Әлихан Бөкейханов атындағы көше;

- 10) Бағыш Бисенов атындағы көше;  
11) Жұмат Шанин атындағы көше;  
12) Хабиболла Дінішев атындағы көше;  
13) Серікқали Жақыпов атындағы көше.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК